



Автор: ДАУЛЕТБАЕВА ГУЛЗИРА
Пән: Дүниетану. Тарих компоненті
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Уақыт
Тақырып: Спорт-денсаулық кепілі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.1.4.2 спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін анықтау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: – адамдар не үшін спортпен айналысатынын түсіндіреді; – қыстық және жаздық спорт түрлерін ажырата алады. Көптеген оқушылар: – қандай да бір спорт түрімен айналысуға қажетті негізгі қабілеттерді және өзінің бойындағы қабілеттерді анықтайды; – тақырыпты талқылайды, пікірлерімен бөліседі. Кейбір оқушылар: – белгілі бір спорт түрін таңдағанына қатысты өзінің пікірін дәлелдейді; өзінің мектебіндегі (ауылындағы, қаласындағы) спорт секциялары туралы ақпарат жинайды.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар өзінің туа бітті қасиеттерін есепке ала отырып денсаулықты нығайту үшін спортпен айналысу қажеттілігі жайында талқылайды және соған қатысты шешімдер шығарады. Пәнге қатысты лексика мен терминология: Спорт, спорт түрлері, спортпен айналысуға арналған адам бойындағы туа бітті қасиеттер, спорт жарыстары, олимпиада ойындары. Диалогке/жазылымға қажетті тіркестер Спортпен айналысу денсаулықты нығайтады, көрікті сымбат сыйлайды, тыныс алу жолдарының жұмысын жақсартады, төзімділікке үйретеді, иілгіштікті дамытады. Талқыланатын мәселелер: – спорттың қандай түрлері бар? – адамдар спортпен қандай мақсатта айналысады? – спорт адам мінезіндегі қандай қасиеттерді қалыптастырады? – спортпен айналысуға арналған адам бойындағы туа бітті қасиеттердің қандай маңыздылығы бар? Жазылым: Үлгі бойынша сөйлем құрастыру: «Спорт дегеніміз – ...».
Күтілетін нәтиже:	- Спорт туралы өз ойларын тұжырымдайды; - Спорт туралы пікірімен бөліседі.
Бағалау критерийлері:	-Спорт туралы негізгі ұғымды анықтай алады; -Спортпен айналысу үшін қажетті басты қабілеттіліктерді атайды; -Спорттың денсаулыққа тікелей қатысы бар екенін дәлелдейді; -Спорт түрлерін ажыратады;
Құндылықтарды дарыту:	Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта, слайдтар топтамасы. Бейнеролик демонстрациялау.
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, математика
Бастапқы білім:	Спорт туралы қарапайым түсініктер

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (8 минут)</p>	<p>Психолологиялық дайындық: (өлеңді бірге оқу, қимылдар жасау) Ұйқыңнан ерте тұр, Жадырап жарқын күл. Әдетің болсын әрқашан, Жаттығу жасау, шынығу. Мұғалім: Өлеңге назар аударыңдар: Спорт – сенің серігің Жанға дауа, қолға күш. Сергітетін адамды Қимыл менен қозғалыс. -Балалар, әдетте спортпен не үшін айналысады? Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда). (Ұ)Суретпен жұмыс. Слайд №1. Суреттерге қара. Адамдар не үшін спортпен айналысады? Кем дегенде 4 себебін атап шық. Кластер құрастырамыз. Спорт бізге не береді? (Ұ, Ж) Бүгінгі сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау. Сабақтың соңында қандай мақсаттарға қол жеткізуіміз керек, қалай ойлайсыңдар? - Спорттың қандай түрлері бар екендігін білеміз; -спорттың әр алуан түрлерімен айналысу үшін қажетті физикалық мүмкіндіктерді анықтаймыз. Топқа бөлу. Қима суреттер арқылы топқа бөлу 1. Доп 2. Коньки 3. Шаңғы 4. Велосипед Жұмыс ережесін келісу ● Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ● Уақытты үнемдейміз! ● Нақты, дәл жауап береміз! ● Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ● Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Барлығыңа сәттілік тілеймін!</p>	<p>Слайд №1 Қима суреттер: коньки, шаңғы, велосипед, доп.</p>
------------------------------------	--	--

<p>Сабақтың ортасы (25 минут)</p>	<p>Ойқозғау. Бейнеролик көру. (2 мин) «Спорттың 5 пайдасы. Спорт - денсаулық кепілі». https://youtu.be/Z5DUh6CCG4E -Бұл бейнероликтен не ұқтыңдар балалар? -Денсаулығымыз мықты болу үшін не істеуіміз керек? Жақсы олай болса, бүгін біз спорт жайында әңгімелейік. Мұғалімнің түсіндірмесі. Слайдпен жұмыс. -Бүгінде әлемде 200-ден астам спорт түрі бар деп есептелінеді. Осындай көп спорт түрлерін қалай реттеуге болады? Спорт түрлерін әртүрлі топтарға бөледі. Мысалы, өткізу уақытына қарай қыстық және жаздық болып бөлінеді. Ақыл-ойды дамытатын және ұлттық ойындар. - Олимпиада ойындары 4 жылда 1 рет өткізіліп тұрады. Соңғы Олимпиада ойындары 2016 жылы Рио до Жанейрода болды. Біздің қазақстандықтар 17 медальмен оралды. 3 алтын, 5 күміс, 9 қола. Олар Ольга Рыпакова, Василий Левит, Данияр Елеусінов, Әділбек Ниязымбетов, Дариға Шәкіловатағы басқалар. -Білетіндерге жарайсыңдар дегім келеді! Ал қалғандарыңа ғаламтор ресурстарына жүгініп, олимпиада жайында ақпарат алуларыңа кеңес беремін. (Т) Топтық жұмыс. Әр топқа сұрақтар беріледі. Жауаптары әр топтың шығармашылығына қарай ұсынылады. Қажетті құрал-жабдықтар беріледі (А3 парағы, маркерлер, стикерлер, т.б.) (Дайындыққа 5 минут уақыт беріледі. Қорғауға әр топқа 2 минуттан. Қорытынды жасауға 2 минут) -Спорт дегеніміз не? -Спортпен айналысу үшін қандай қабілет керек? -Адамдар спортпен не үшін айналысады? -Спорттың қандай түрлері бар? 1) Топ ішінде талқылау (2 минут) 2) Әр топтан бір оқушы шығып жауабын ұсынады Дескриптор: -Спорт туралы негізгі ұғымды анықтай алады; -Спортпен айналысу үшін қажетті басты қабілеттіліктерді атайды; -Спорттың денсаулыққа тікелей қатысы бар екенін дәлелдейді; -Спорт түрлерін ажыратады; Қ.Б. Әр ұтымды жауапқа медаль беріледі. Медаль саны көп топ жеңімпаз аталады.</p>	<p>Бейнеролик: https://youtu.be/Z5DUh6CCG4E Сұрақтар жазылған қима қағаздар (А3 парағы, маркерлер, стикерлер, т.б.)</p>
<p>Сабақтың соңы (7 минут)</p>	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану. (Ж) Жұптық жұмыс. «Еркін жазу» минуты. Үлгі бойынша сөйлем құрастыр: Спорт деген - денсаулық! Спорт деген - қозғалыс! Спорт деген -сұлулық! Спорт деген - өмір! Спорт деген-.....! Спорт деген -.....! Дескриптор: - Спорт туралы өз ойларын тұжырымдайды; - Спорт туралы пікірімен бөліседі. Қ.Б. Жұптар өзара жауаптарын ауыстырады. Басқа жұптың жауабын бағалайды. Әр дұрыс құрылған сөйлемге медаль беріледі. Медаль саны көп жұп жеңімпаз аталады. Үйге тапсырма: Мәтінді түсініп оқу, мазмұндау. 30-31 бет. Саған қандай спорт түрі ұнайды? Неліктен? Шағын әңгіме жазып келу. Дескриптор: - Оқушы өздігінше зерттеу жұмысын жасайды; - Өз ойын дәлелдейді; -Негізгі ойды шағын мәтін түрінде ұсынады.</p>	<p>Жұптық тапсырмалар. Оқылым, жазылым тапсырмалары.</p>
<p>Рефлексия (5 минут)</p>	<p>Кері байланыс. Жеке жұмыс. «Бүгін мен не білдім?» ● Қандай спорт түрімен айналысқың келеді ? ● Спортқа келерде алдыға қандай мақсат қоясың ? Әр оқушы өз жауабын стикерге жазып «Жеңімпаздар тақтасына» жапсырады. (Арнайы безендірілген спорт жеңімпаздарына арналған тақта). Сабақты қорытындылау. Жеңімпаздарды жариялау.</p>	<p>Кері байланыс тақтасы «Жеңімпаздар тақтасы» Арнайы безендірілген спорт жеңімпаздарына арналған тақта.</p>